

**«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
2014 жылғы I –ші жарты жылдығы бойынша ғылыми-техникалық және
экология-туристік бөлімінің қызметі**

Мақсаты:

Ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, экология-биологиялық бағыттары бойынша қосымша білім беру және мектептен тыс тәрбиенің үздік дәстүрлерін сақтау негізінде қосымша білім беру жүйесін жетілдіру, білім алушылардың жобалық, зерттеушілік және өнертапқыштық құзыреттілігінің деңгейін көтеру, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, экология-биологиялық бағыттары бойынша қосымша білім беру ұйымдарын бағдарламалық-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету.

Бөлімінің басты міндеттері: бағдарламалық-әдістемелік, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбиелік, ұйымдастырушылық-мазмұндылық тәсілдері арқылы қосымша білім беру жүйесіндегі ғылыми-техникалық, экология-туристік бағыттарын дамыту жұмыстарын ұйымдастыру, ақпараттық және сараптамалық қамтамасыз ету, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату, осы бөлімнің ерекшелігіне сәйкес инновациялық технологияларды енгізу, ғылыми-техникалық, экология-туристік бағыттары бойынша халықаралық маңызы бар және республикалық мектептен тыс іс шараларды, жарыстарды, республикалық байқауларды ұйымдастыру мен өткізу.

Бөлім қызметкерлерімен 2014 жылғы жарты жылдықта қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру үшін келесі жұмыстар жасалды:

Ғылыми-техникалық, экология-туристік бағыттары бойынша бөлім қызметі мемлекеттік тапсырыс аясында келесі бағдарламалар бойынша жүзеге асырылды:

Әдістемелік нұсқаулық: «Қосымша білім берудегі экология-биологиялық бағыт бойынша білім алушылардың шығармашылық қабілеттілігін дамыту» (сәуір).

Әдістемелік нұсқаулықты құрастыру:

1. Әдістемелік нұсқаулықты әзірлеуде жұмыс жоспарын құрастыру;
2. Мәселелерді зерттеу: елдегі және шет елдегі жағдайларды;
3. Берілген мәселе бойынша республикалық озық тәжірибелер материалдарын жинақтау;
4. Қосымша білім беру мамандарымен келісу;
5. Әдістемелік нұсқаулықты дайындау;
6. Оқу-әдістемелік кеңесте әдістемелік нұсқаулықты қарастыру.

Әдістемелік нұсқаулықта білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үрдісінде шығармашылық қабілеттілігін жүзеге асыру үшін педагогикалық жағдайлар толық көрсетілген. Балалардың шығармашылық қабілеттілігін дамытуда қосымша білім беру педагогінің ролі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы балаларға қосымша білім беру мазмұнының жаңаруы және оқытудың интерактивті формалары қарастырылған.

Әдістемелік нұсқаулық балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы білім үрдісін ұйымдастырушы педагогикалық қызметкерлеріне: директор орынбасарларына, әдіскерлерге, біліктілікті арттыру курсының тыңдаушыларына, қосымша білім беру педагогтеріне арналған.

Әдістемелік нұсқаулық: «Менің отаным-Қазақстан» республика оқушыларының туристік-өлкетану қозғалысын ұйымдастыру (мамыр).

Әдістемелік нұсқаулық қосымша білім беру ұйымдарындағы тәжірибелік сабақтарында қолданылатын тұлғалық-бағдарлық және құзыреттілік өлкетану білімінің жағдайларын көрсетеді.

Әдістемелік нұсқаулықта «Менің отаным- Қазақстан» республика оқушылары қозғалысына балаларды қатыстыру мүмкіндіктерін, балалар мен жастарда қазақстандық отансүйгіштік пен азаматтылықтың негізін тәрбиелеу әдістерін қарастырады. Берілген материал басшыларға, әдіскерлерге және қосымша білім беру педагогтеріне арналған.

Әдістемелік нұсқаулық: «Мектептердегі бейінді бағдарламалар арқылы қосымша білім беру ұйымдарындағы (жас натуралистер, техниктер станциялары және т.б.) қызметті біріктіру»

Әдістемелік нұсқаулықта алдыңғы бейінді дайындық және жалпы орта білім беру ұйымдарындағы бейінді оқытуды жүзеге асыру бойынша мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының қызметін біріктірудің ролі көрсетіледі. Бұл әдістемелік нұсқаулық мектептен тыс және жалпы білім беру мектептері және қосымша білім беру жүйесіндегі басшылар мен педагогтер үшін арналған.

2014 жылғы II жарты жылдыққа жоспарлануда:

1. «Қосымша білім беру ұйымдарында балалардың дарындылығын диагностикалау және дамыту» әдістемелік нұсқаулығын жазу. Қосымша білім беру ұйымдарында мектеп оқушыларының дарындылығын алдын ала анықтау және дамыту бойынша әдістемелік нұсқаулар, тестілер ұсынылады. Әдістемелік нұсқаулар жалпы білім және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне және басшыларына арналған. **(тамыз);**
2. Әдістемелік нұсқаулық: «Жобалық қызметі арқылы білім алушылардың әлеуметтік-экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру». Әдістемелік нұсқаулықта білім алушылардың әлеуметтік-экологиялық

құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалық-зерттеу қызметінің ролі көрсетіледі. Әдістемелік нұсқаулық мектептен тыс және жалпы білім беру мектептерінің педагогтеріне арналған. **(тамыз);**

3. Роботехника бойынша бағдарламалар мен әдістемелік нұсқаулық. Роботехника бойынша бағдарламалар мен әдістемелік нұсқаулықта роботехника, техникалық шығармашылыққа, модельдеуге, құрастыруға оқушыларды оқыту. Оқу құралы мектептен тыс және жалпы білім беру мектептер мен қосымша білім беру жүйесіндегі педагогтерге арналған. **(қазан);**

4. **Республикалық іс шаралар:**

1)Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуемодельдеу,автомодельдеу,кемемодельдеу,зымыранмодельдеу мен қазіргі робот техникаларының моделдері) республикалық жарысы . **(қазан);**

2) Балаларға қосымша білім беру бағыты бойынша «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз» атты республикалық форумы **(қараша);**

3) Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың және мүмкіндігі шектеулі балалардың қатысуымен Флора және фауна күніне арналға «Халықаралық биологиялық алуантүрлілік» тақырыбында сырттай экологиялық байқауы www.ziyatker.kz балаларға сайтта өткізіледі **(желтоқсан).**